«8D04101 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Бекбосинова Асель Серикжановнаның «Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатын жаңғырту шеңберіндегі зейнетақымен қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: **1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған** (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыс докторанттың «Жас ғалым» гранттық қаржыландыру аясындағы «Қазақстан өңірлерінде әлеуметтік теңсіздікті азайту және халықтың әл-ауқатын арттыру механизмдерін әзірлеу» (ЖТН AR19174744) жобасы, сондай-ақ «Қазақстанның өңірлік әлеуетін дамыту стратегиясы: әлеуметтік-мәдени және экономикалық әлеуеттерді бағалау, жол картасын, модельдер мен даму сценарийлерін әзірлеу» (ЖТН BR18574240) ғылыми жобасы шеңберінде жүзеге асырылған. Зерттеу жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғырту тұжырымдамасында қойылған міндеттерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Халықтың қартаюы, жұмыспен қамту құрылымының өзгеруі және қаржы нарықтарындағы белгісіздіктің өсуі сияқты қазіргі заманғы сын-қатерлер зейнетақымен қамсыздандыруды қалыптастыру мен іске асырудың дәстүрлі тәсілдерін қайта қарауды талап етеді. Осыған байланысты зейнетақы жүйесінің жұмыс істеу тетіктерін жан-жақты талдау, оның осал тұстарын анықтау және Қазақстан халқын әлеуметтік қорғау деңгейін арттыруға

			ықпал ететін шараларды әзірлеу ғылым үшін өзекті тақырып болып табылады. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесінің тиімділігі мен тұрақтылығын бағалауға авторлық тәсілді, сондай-ақ қолданыстағы әлеуметтік қамсыздандыру механизмдерін жетілдіруге арналған шараларды ұсынады. Бұл мемлекеттің әлеуметтік саясатының теориялық-әдістемелік негізін кеңейтуге мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық зерттеу жалпыға ортақ академиялық этика және ғылыми адалдық қағидаттарын сақтай отырып орындалған. Докторант Қазақстанның зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуін дербес талдап, өзекті мәселелерді анықтап, оны жаңғырту мен дамыту бойынша авторлық ұсыныстарын ұсынған. Диссертацияда материалды баяндаудың нақты логикалық құрылымы сақталған. Автордың жеке үлесі диссертация тақырыбына байланысты 4 ғылыми мақаланы дайындау арқылы көрініс табады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі жеткілікті деңгейде негізделген. Қазақстанның зейнетақы жүйесі халықтың қартаюы, еңбек нарығындағы өзгерістер мен экономикалық тұрақсыздық жағдайында тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін терең талдау мен жаңғыртуды талап етеді. Қолданыстағы зейнетақы жүйесінің негізгі мәселелері қаржылық тұрақтылықтың төмендеуі, халықты зейнетақымен қамсыздандыру деңгейіндегі теңсіздік, жұмыссыз азаматтарға жеткілікті төлемдердің болмауымен сипатталады. Қазақстанда зейнетақы реформасын тиімді іске асыру халықтың әл-ауқатын арттыруға және ұзақ мерзімді экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал ететін мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны «Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатын жаңғырту шеңберіндегі зейнетақымен қамтамасыз ету» тақырыбына толық сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатының маңызды бөлігі ретінде зейнетақы жүйесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін, тәжірибелік аспектілерін зерттеп, авторлық ұсынымдар әзірленген.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертацияның тақырыбына толық сәйкес келеді, бұл теориялық бөлімде көтерілген мәселелердің кейінгі бөлімдерде дәйекті түрде дамытылуымен расталады. Бұл докторантқа қажетті нәтижелерге қол жеткізуге және ғылыми-практикалық ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік берді
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның әрбір бөлімі мен құрылымдық мазмұны логикалық өзара байланыс пен ішкі тұтастықты көрсетеді, бұл зерттеудің жоғары ғылыми деңгейде орындалғанын дәлелдейді. Бірінші бөлімде теориялық-әдіснамалық талдау жүргізілсе, екінші бөлімде зейнетақымен қамсыздандырудың ағымдағы жағдайы мен оған әсер ететін факторлар қарастырылған, ал үшінші бөлімде зейнетақы жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар мен тетіктер әзірленген. Әрбір бөлімнің қорытындылары зерттеудің келесі бөлігіне логикалық түрде ауысып, жұмыстың құрылымдық біртұтастығын қамтамасыз етеді.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен жеткілікті деңгейде салыстырылып бағаланған. Жұмыста зейнетақымен қамсыздандыру модельдеріне сыни тұрғыда теориялық және әдіснамалық талдау жүргізіліп, халықаралық тәжірибе қарастырылған. Әдебиетке шолу, эмпирикалық зерттеу және сыни талдау негізінде Қазақстанның зейнетақы жүйесін жетілдіруге арналған нақты механизмдер мен құралдар ұсынылған.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар ішінара жаңа болып табылады және Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясаты шеңберінде зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін зерделеуге айтарлықтай үлес қосады. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мемлекеттің зейнетақымен қамтамсыздандыру жүйесін басқаруға әсер ететін факторлар кешенін экономикалық-математикалық моделдеу негізінде зерттеп, Қазақстан зейнетақы жүйесін жаңғырту бойынша мемлекеттік басқару шараларын әзірлеу арқылы көрінеді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары жаңа және диссертациялық жұмыстың тезистеріне логикалық түрде сәйкес келеді. Зерттеу қорытындылары терең ғылыми талдауға, кең ауқымды эмпирикалық материалға және негізделген әдіснамалық тәсілдерге сүйенеді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Докторант ұсынған Қазақтан Республикасының зейнетақы жүйесін жетілдіру бойынша шешімдері ішінара жаңа және негізделген. Good Governance тұжырымдамасына негізделген әлеуметтік әділеттілік пен тұрақтылыққа бағытталған жаңа механизмдер қарастырылған. Ұсыныстар әлеуметтік теңсіздікті төмендетуге бағытталған шараларды әзірлеу, мерзімінен бұрын зейнетақы жинақтарын алу саясатын жетілдіру, цифрлық технологияларды енгізу арқылы зейнетақы жүйесін жаңғырту, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің тиімді тетіктерін жүзеге асыру, жұмыспен қамту саясатын жетілдіру, зейнетақы жүйесін дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеуді қамтиды.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Алынған нәтижелер мен қорытындылардың негізділігі зерттеудің жоғары стандарттарын сақтау, сондай-ақ жалпы ғылыми әдістердің кең спектрін қолдану арқылы қамтамасыз етілген. Диссертациялық жұмыста сандық және сапалық әдістер қолданылған. Зерттеудің ақпараттық базасы ресми дереккөздерден алынған

			деректерге, сондай-ақ эксперттік сұхбаттар нәтижелеріне негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Негізгі қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми тұрғыдан негізделген, теориялық әзірлемелермен, статистикалық деректермен және әдіснамалық тәсілдермен расталған. **1-ереже.** Шеннон энтропиясы арқылы зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығы, фискалдық тұрақтылық, бюджет шығыстары, әлеуметтік және зейнетақы стандарттары, демографиялық фактор, еңбек белсенділігінің факторы, зейнетақы секторының экономикаға қосқан үлесінің жиынтық көрсеткіштерін қалыптастырып, олардың өзара байланысын анықтау әдістемесі; 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 7.2 Тривиалды ма? **2) жоқ;** 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 7.4 Қолдану деңгейі: **2) орташа;** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия.** Bekbossinova, A., Kireyeva, A., Kenzhegulova, G., Bekturganova, M., & Imangali, Z. (2023). The impact of investment and social factors on pension savings in Kazakhstan. *Investment Management and Financial Innovations*, *20*(3), 102–115. https://doi.org/10.21511/imfi.20(3).2023.09 **2-ереже.** Әлеуметтік саясатты жаңғырту контексінде зейнетақы жүйесінің тұрақтылығына әсер ететін

			маңызды фактор халықтың еңбек белсенділігі болып табылады. 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 7.2 Тривиалды ма? **2) жоқ;** 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 7.4 Қолдану деңгейі: **2) орташа;** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия.** Bekbossinova , A., Dzhunusov , A. M., & Simanavičienė , Z. Factors Influencing Saving Behavior of Rural and Urban Self-Employed People in the Context of the Kazakhstan Pension System. *Central Asian Economic Review*. 2021;(6):6-17. https://doi.org/10.52821/2789-4401-2021-6-6-17 **3-ереже.** Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану саясатын жүзеге асыру кезінде әлеуметтік теңсіздікті тереңдетпеу үшін және болашақ зейнеткерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдар қолжетімділік шарттарын қайта қарап, экономикалық қауіп-қатерлерді азайтатын тиімді реттеу тетіктерін енгізуі қажет. 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 7.2 Тривиалды ма? **2) жоқ;** 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 7.4 Қолдану деңгейі: **3) кең** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия.**

			Bekbossinova A.S., Oshanova K.Y., Khassenova K.K., Alpysbayeva A.K., Moldasheva A.B. Advantages and Disadvantages of Early Withdrawal of Pension Savings: an Expert Assessment. *Economy: strategy and practice*. 2022;17(3):242-258. https://doi.org/10.51176/1997-9967-2022-3-242-258 **4-ереже.** Мемлекеттің, азаматтардың, жұмыс берушілердің, зейнетақы қорлары мен қоғамдық ұйымдардың өзара іс-қимылының нақты функциялары мен тетіктерін институционализациялау арқылы әділ, орнықты және әлеуметтік бағдарланған зейнетақы жүйесін қалыптастыруды көздейтін Good Governance тұжырымдамасының қағидаттарына негізделген Қазақстан зейнетақы жүйесінің моделі, бұл азаматтардың әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруды және жүйенің қаржылық тұрақтылығын нығайтуды қамтамасыз етеді. 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 7.2 Тривиалды ма? **2) жоқ;** 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 7.4 Қолдану деңгейі: **2) орташа;** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия.** 1. Bekbossinova, A., Kireyeva, A., Kenzhegulova, G., Bekturganova, M., & Imangali, Z. (2023). The impact of investment and social factors on pension savings in Kazakhstan. *Investment Management and Financial Innovations*, *20*(3), 102–115. https://doi.org/10.21511/imfi.20(3).2023.09 2. Satpayeva Z.T., Bekbossinova A.S., Ryskulova M.M. The Impact of the Financial Wellbeing of the Elderly of

			Kazakhstan on Their Family Life. *Economy: strategy and practice*. 2021;16(3):152-166. https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-3-152-166 **5-ереже.** Мемлекеттік басқаруды жетілдіру бойынша шаралар шеңберінде зейнетақы жүйесінің ашықтығын, халықтың сенімін және зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру мақсатында цифрлық технологиялар мен инновациялық құралдарды пайдалануды қоса алғанда, Қазақстанның зейнетақы жүйесін жаңғырту бойынша практикалық ұсынымдар кешені. 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 7.2 Тривиалды ма? **2) жоқ;** 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 7.4 Қолдану деңгейі: **3) кең** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия** (ішінара) Bekbossinova , A., Dzhunusov , A. M., & Simanavičienė , Z. Factors Influencing Saving Behavior of Rural and Urban Self-Employed People in the Context of the Kazakhstan Pension System. *Central Asian Economic Review*. 2021;(6):6-17. https://doi.org/10.52821/2789-4401-2021-6-6-17
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу үшін таңдалған әдістеме ғылыми тұрғыда негізделген. Жұмыста қолданылған әдістеменің кезең-кезеңмен сипаттамасы келтірілген. Ғылыми жұмысты әзірлеу барысында эконометрикалық модельдеу, ретроспективті талдау, салыстырмалы талдау, сипаттамалық әдіс, статистикалық талдау және факторлық талдауды қоса алғанда, зерттеудің сапалық және сандық әдістері қолданылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;** 2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **1) ия;** 2) жоқ.	Зерттеу сандық және сапалық аспектілерді қамтитын заманауи аналитикалық әдістерді қолданған. Сандық деректерді талдау үшін JASP бағдарламасын қолдана отырып, Байес регрессиясы қолданылған. Сапалы деректерді өңдеу үшін Qda Miner Lite бағдарламасы қолданылған. Ақпаратты өңдеу және түсіндіру, есептеулер Excel бағдарламалар пакетін қолдану арқылы жүзеге асырылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): **1) ия;** 2) жоқ.	Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденіп, расталған. Атап айтқанда, зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің тұрақтылығына әсер етуші факторларды анықтау және оларды экономикалық-математикалық модельдеу негізінде бағалау, зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін басқаруды және дамуын тежейтін мәселелерді эксперттік сұхбат әдісі арқылы анықтау.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Пайдаланылған барлық деректерде сенімді ғылыми және нормативтік дереккөздерге сілтемелер бар. Бұл зерттеудің сенімділік деңгейін арттырады. Қолданылған отандық және шетелдік әдебиеттер диссертациялық жұмыс тақырыбына сәйкес келеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Жұмыста жалпы саны 154 әдебиет пен дереккөздері қолданылған. Бұл сапалы әдебиеттерге шолу жасауға жеткілікті болып табылады. Жұмыста нормативтік-құқықтық актілер, ғылыми жарияланымдар, талдамалық есептер және статистикалық деректер пайдаланылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **1) бар;** 2) жоқ.	Зерттеу зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік басқару теориясының дамуына айтарлықтай үлес қосады. Жұмыста зейнетақы жинақтарын реттеудің негізгі тәсілдері жүйеленген, мемлекеттік бақылау және әлеуметтік саясат тетіктері қаралған, сондай-ақ

			зейнетақы жүйесінің тұрақтылығын бағалау әдістері ұсынылған. Жұмыстың теориялық маңыздылығы Қазақстанның зейнетақы жүйесін талдау мен жетілдіруге авторлық тәсілдерді әзірлеуде жатыр, оны одан әрі ғылыми зерттеулерде пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертация нәтижелері жоғары практикалық маңызға ие, өйткені оларды Қазақстанның зейнетақы жүйесін оңтайландыру үшін пайдалануға болады. Атап айтқанда, зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығын бағалаудың ұсынылған әдістері мен зейнетақы жинақтарын басқару тетіктерін жетілдіру жөніндегі ұсынымдар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Ұлттық банктің және басқа да мемлекеттік құрылымдардың қызметінде қолданылуы мүмкін. Жұмыста әзірленген әдістемелік ұсынымдар зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы жаңа заңнамалық бастамаларды әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, алынған тұжырымдар зейнетақы жүйесінің ашықтығын арттыру және халықтың оған деген сенімін нығайту стратегияларын әзірлеу үшін пайдалы болуы мүмкін.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Қазақстан зейнетақы жүйесін басқаруды жаңғырту механизмдері және зерттеу барысында анықталған мәселелерді шешу тетіктері жан-жақты сараланып, талданған. Практикалық ұсыныстар жүйелі түрде жаызлған және ішінара жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты және Қ. Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті берген енгізу актілерімен расталған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазудың сапасы жоғары деп бағаланады, мәтін түсінікті және қол жетімді тілде берілген. Диссертация академиялық жазудың қабылданған стандарттарына сәйкес келеді.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

11.	Диссертацияға ескертулер		Кішігірім стилистикалық қателіктер академиялық жазудың жалпы сапасына айтарлықтай әсер етпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертациялық зерттеу бойынша 4 мақала, оның ішінде: 1 – Scopus базасында индекстелетін журналда; 3 – ҚР ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған. “The impact of investment and social factors on pension savings in Kazakhstan”, “Factors influence of saving behavior of rural and urban self-employed people in the context of Kazakhstan pension system”, “the impact of the financial wellbeing of the elderly of Kazakhstan on their family life”, “Advantages and disadvantages of early withdrawal of pension savings: an expert assessment” тақырыптарындағы мақалаларда Қазақстандағы зейнетақы жүйесінің дамуына әсер ететін әртүрлі әлеуметтік, экономикалық және инвестициялық факторлар, соның ішінде ауылдық және қалалық жерлердегі өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың мінез-құлқы, карт адамдардың қаржылық әл-ауқаты және зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алу тәуекелдері зерттелген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру

Бекбосинова Асель Серикжановнаның «Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатын жаңғырту шеңберіндегі зейнетақымен қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және «8D04101 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынылады.

Ресми рецензент:

«Алматы Менеджмент Университеті» АҚ,
PhD, қауымдастырылған профессор **Жидебекқызы Ақнұр**